

## Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бүлінген жер участелерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 20512 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-52) тармақшасына және 54-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 05.06.2025 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бүлінген жер участелерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи ресурстар министрі

M. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрлік  
2020 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 99 бұйрығымен  
бекітілген

**Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бүлінген жер участекелерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бүлінген жер участекелерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің (бұдан әрі - Орман кодексі) 13-бабы 1-тармағының 18-52) тармақшасына, 54-бабының 1-1-тармағына сәйкес әзірленді және Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бүлінген жер участекелерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік орман қоры жерінде уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру оны басқа санаттардағы жерге ауыстырмай, осы қағидаларымен айқындаған тәртіппен, бүлінген жер участекелерін кейіннен рекультивациялай отырып және оларды орман иеленушіге бере отырып жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бүлінген жер участекелері - адамның өндірістік қызметі нәтижесінде бастапқы ландшафтың және өзге де құндылығын жоғалтқан немесе топырақ жамылғысының, гидрологиялық режимінің және жер рельефинің бүлінуіне байланысты қоршаган ортаға теріс әсер ету көзі болып табылатын жер;

2) бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы - сыйбаларды, есептерді және сипаттауды, географиялық бейнелер мен негіздемелерді қамтитын техникалық, экономикалық, жоспарлы құжаттардың жиынтығы;

3) бүлінген жер участекелерін қалпына келтіру - белгілі бір мақсатта пайдалану үшін бүлінген жерді, оның ішінде бүлінген жердің кері әсері нәтижесінде өз құндылығын

толық немесе ішінара жоғалтқан іргелес жатқан жер участекелерін қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жұмыстар кешені;

4) мемлекеттік орман қорының жерлері - табиғи түрде ағаш өскен, бюджет қаражаты есебінен қолдан ағаш өсірілген және ағаш өспеген (орманды және ағаш өспеген алқаптар), орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген жерлер;

5) орман иеленушілер - мемлекеттік орман қоры участекелері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ Орман кодекске сәйкес жекеше орман қоры участекесі меншігінде болатын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар.

**2-тaraу. Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бұлінген жер участекелерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру тәртібі**

4. Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бұлінген жер участекелерін рекультивациялау "Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 289 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33250 болып тіркелген) сәйкес әзірленетін бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобалар негізінде жер қойнауын пайдаланушылармен жүзеге асырылады.

**Ескеरту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 05.06.2025 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

5. Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттік орман қоры участекелерін уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру үшін пайдаланған кезде жер қойнауын игерудің алғашқы үш жылды бойы пайдаланылатын участекенің екі есе мөлшерінде орман екпелерін өтемдік отырғызууды және орман айналған алаңға ауыстырылғанға дейін оларды күтіп-ұстауды жүргізеді.

6. Орман екпелерін отырғызу үшін орман екпелерінің сенімділігін қамтамасыз етуге, оларды агротехникалық күтіп-баптау қажеттілігін азайтуға және орман екпелерін орман көмкерген жерлерге ауыстыруды тездетуге мүмкіндік беретін стандартты сеппелер мен көшеттер пайдаланылады.

7. Бұлінген жер участекелерін рекультивациялау кезінде орман ағаштарын құру және орман екпелерін өтемдік отырғызу мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман иеленуші әзірлеп, оның бірінші басшысы бекіткен жұмыс жобалар және осы салада маманданған жобалау-іздестіру ұйымдары әзірлеген жұмыс жобалар бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 18-02/681 бүйрығымен бекітілген Ормандарды молықтыру мен орман өсіру және олардың сапасына бақылау жасау қағидаларына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10119 болып тіркелген) сәйкес жер қойнауын пайдаланушылармен жүзеге асырылады.

8. Уранды жерасты ұнғымасында шайып сілтісіздендіру өдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бұлінген жер участеклерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге беру участеклерді қарап-тексерген соң және бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасында көзделген жұмыстарды орындаудың толықтығы мен сапасын бағалағаннан кейін және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 200 бұйрығымен бекітілген Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіруді жүргізу кезіндегі консервациялау және жою қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17094 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою актісіне қол қойғаннан кейін аяқталған болып есептеледі.